## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023ж.
Педагогтың аты-жөні: Марсыбаева А. Бабаханова А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім күніне арналған мерекелік қабылдауды әзірлеу. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті<br>(аз қимылды, үстел үсті<br>ойындары,<br>бейнелеу іс-әрекеті,<br>кітаптарды қарау және<br>басқалар)** | | | | | **Құрастырудан ойын-жаттығу.**<br>"Балабақша біздің үйіміз".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды құрамында: текше, білеу, үшбұрыш, цилиндр, тақтайша бар құрылыс материалдар жинағынан екі қабатты балабақшаны құрастыруды үйрету. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1. Таяқшаны алға созу.<br>2. Оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру.<br>3. Таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>4. Сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру.<br>5. Таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>6. Бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.<br>1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу.<br>3-4 бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1. Оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау.<br>2. Сол аяқты оның қасына алып келу.<br>3. Оң аяқпен таяқшадан аттап, артқа бір адым жасау.<br>4. Сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1. Таяқшаны жоғары көтеру.<br>2. Оңға иілу.<br>3. Түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру.<br>4. Бастапқы қалып. Сол жақпен дәл солай орындалады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br><br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен:<br>Таңертең де, кеш те де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар мезгілде,<br>Су мен сабын - бір жолдас,<br>Жоймас олар кір қоймас! | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | | | | **«Ақ тілек» шаттық шеңбері.**<br>Адал жақсы ниетпен,<br>Бар адамға бақ тілеп,<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі - Ақ тілек.<br>Барлығы шеңбер құрып тұрады, мәтінді бірге қайталады.<br>Балабақшаның ережелері жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | **Көркем әдебиет**<br><br>**МАҚСАТЫ**<br>Балаларға «Тәрбиеші» өлеңін оқу. Өлеңді жаттауды үйрету. Тақпақтың сөздерін еске сақтап, қайталап айтуға талпындыру; балабақша мен тәрбиеші туралы білімдерін кеңейту. Тақпақтағы сөздер арқылы балалардың тілін, еске сақтау қабілеті мен зейінін дамыту. Тақпақты жаттап алуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қызығушылықтарын ояту; тәрбиешіні құрметтеуге, мейірімділік пен қарапайымдылыққа тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>«Үлкенге - құрмет, кішіге - ізет» нақыл сөзін, «қамқоршысы баланың» тіркесін пайдалану арқылы балалардың тілін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Психогимнастика, мәнерлеп оқу, түсіндіру, баяндау, жаттау, көркемсөз, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан тәрбиеші туралы бейнебаян көрсету, пысықтау, дидактикалық ойын.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, балабақшаның суреті; тақпақ бойынша слайдтар немесе мазмұнды суреттер; тәрбиешілер бейнеленген картотекалар; топ тәрбиешісі бейнеленген төсбелгілер.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Топ тәрбиешісі бейнеленген төсбелгілер. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | | | | **№1**<br>**Күздің ерте немесе кеш келуін бақылау.**<br>Тақпақтар<br>Н. Әлімқұлов «Күз».<br>Берекесін сыйлауға<br>Өлкемізге күз келді.<br>Жемістерін жинауға<br>Шақырады біздерді.<br><br>Қ.Ыдырысов «Күз».<br>Күзім-ау, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Жаңбырың сіркіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>**Бақылау:** табиғаттағы өзгерістерді бақылауды үйрету: жапырақтардың түсінің өзгерістері, құстардың жылы жаққа ұшуы, жаңбырлы болуы, күзгі өзгерістерді ажырата білу.<br>**Қимылды ойын. «Астықты тасымалдау»**<br>Дабыл бойынша арбамен «астық» тасу, бір шетінен екінші шетіне тасу. Шыдамдылық пен шапшаңдыққа баулу.<br>**Еңбек:** гүлзарда жұмыс істеу. Гүлдерді гүл ыдысына отырғызу. Жұмыстың ыңғайын білу. Гүлге сүйіспеншілікті арттыру.<br>**Еркін ойын:**Балаларға құмда сурет салуды үйрету. Атқарған жұмыстарын атап, балаларды мақтау. Бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас** | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Қолға қасық аламыз.<br>Дәмді астан аламыз.<br>Осы сөздерден кейін, балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану кезінде тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | | | | | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.<br>Әуен қосу |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; тамақтану мәдениетіне баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | | | | | Қауіпсіздік ережесі «Шөптің арасына кірме!» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | | | Ақжол Ақарысқа сахналық қойылымдарға қатысады, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады: |
| **Серуенге** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды үстіне киген киімдеріне қарап, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | шкафта қалдыратын заттардың орнын тексеріп, тәртіп орнатуға шақыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **№39** | **№40** | | **№41** | **№1** |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Үстел үстіндегі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Балабақша".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Балабақшада жұмыс атқаратын медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар.<br>Барысы.<br>Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар, өздеріне қажет құрал-жабдықтарды тандап, белгіленген бұрышқа жинайды.<br>Балалар мен мамандардың рөлін ойнайтындар өзара кімнің қайда баратының және не істейтінің кеңесіп, жоспарлайды.<br>Педагог диалогтар мен қарым-қатынастарды бекітуге ықпал етеді, қосымша сұрақтар қояды, анықтайды, қандай қимыл-әрекет қабылдап, не істеу керектігін, балалардың ауысуына бағыттайды.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)** | Әңгімелесу. «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». Кеңес беру: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | | | | |

Тексерген ________________________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.09 - 08.09.2023ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А.  Марсыбаева А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | «Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері туралы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **ҚР. Гимнін орындайды.**<br>Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.<br>**(музыка)**<br>**Үстел үсті ойыны. «Ойықтың ішіне заттарды орналастыру»**.<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың танымын, зейінін, қабілетін дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | **Дамытушы жаттығу "Саны сонша допты көрсет."**<br>Мақсат-міндеттері. Доптардың көлемі мен түсін анықтау.<br>**(танымдық дағдылар)** | **Құрылыс ойындары «Үй құрастырамыз».**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін арттырып дамытады. Ойын атрибуттары: "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйлерін құрастыруды ұсынады.<br>**(құрастыру)** | **«Жұбын тап».**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Үстел үсті ойыны. Пазл. «Қайсы отбасы мүшесі?»**<br>Мақсат-міндеттер. Балалармен отбасы туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1. Таяқшаны алға созу.<br>2. Оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру.<br>3. Таяқшаны алдыға созып ұстау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4. Сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру.<br>5. Таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>6. Бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.<br>1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу.<br>3-4 бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1. Оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау.<br>2. Сол аяқты оның қасына алып келу.<br>3. Оң аяқпен таяқшадан аттап, артқа бір адым жасау.<br>4. Сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1. Таяқшаны жоғары көтеру.<br>2. Оңға иілу.<br>3. Түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру.<br>4. Бастапқы қалып. Сол жақпен дәл солай орындалады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Біз ақылды баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Тамақ ішер алдында<br>Тып-тыныш отырамыз!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Аспанда күн ыстық.<br>Жерде бізге кім ыстық?<br>Әке мен шешеміз<br>Бәрінен тым ыстық!<br>Жасасын туыстық,<br>Достық пен тыныштық.<br>Күз мезгілі және ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | Атамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар.<br>Отбасым мыналар:<br>Ең жақын адамдар.<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар ...<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Еркелеймін, еремін!<br>Отбасы мүшелері және отбасымен өткізген демалыс туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Сәлем! Сәлем! Сәлем!<br>Қалың қалай?<br>Сәлем! Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды күніміз,<br>Жарқырайды даламыз,<br>Біз бақытты баламыз.<br>(Барлығы жарты | «Амансың ба, Алтын күн!»<br>Амансың ба, Алтын күн!<br>Амансың ба, Жер - Ана!<br>Амансың ба, достарым!<br>Сендерді көрсем қуанам!<br>Балалар кілемге дөңгелене жайғасады, бәрі бірге қайталайды.<br>Аталары мен әжелері немен айналысатынын, олар қалай еркелететіні туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да, аңға да,<br>Қайырлы таң, жайдары жанға да.<br>Қайырлы таң алға ассын,<br>Кешке дейін жалғассын!<br>Бауыры мен апайы, інісі мен қарындастары бір-біріне қалай қолғанат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | шеңбер жасап отырады, қайталайды).<br>Әкесі мен анасы қандай жұмыс істейді, олар немен айналысатындары, үйде балаларын қалай еркелететіндері, оларға не үйрететіндері туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | болатындары жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Қазақ тілі**<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>**2.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>**3.Математика негіздер**<br>**Тақырыбы:Ойыншық тармен танысайық, санайық**<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балаларға жиын және оның әртүрлі өлшемдегі заттардан тұратыны туралы түсінік беру.<br><br>**МІНДЕТТЕР**<br>Екі қатарда орналасқан (жиыны бір және екі) заттар тобын салыстыру біліктерін қалыптастыру, олардың тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**:«Біздің балабақша» тақырыбында суреттері бойынша әңгіме құрастыру.<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға балабақшаның күн тәртібінде бірлесіп атқарған іс-әрекеттерін «балабақша» жалпылауыш ұғымына байланысын түсіндіру; бірнеше суретті қабылдау арқылы «Біздің балабақша» ортақ тақырыбына әңгімелеу амалын көрсету; балабақша және балабақшадағы күн тәртібі, өзара қарым-қатынастағы әдептілік ережелері туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>Балаларға балабақша туралы суреттер сериясы бойынша мнемокарточкалар мен | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>**«**Балабақша»<br>мақсаты<br>Балаларды екі параллельді сызықтың ұштарын көлденең қосып, төртбұрышты пішінді, үшбұрышты шатырды салып, балабақшаның қарапайым ғимаратының бейнесіне біріктіруге үйрету; қарындашпен сурет салу техникасын жетілдіру; геометриялық пішіндер туралы түсініктерін бекіту; балабақша туралы ұғымдарын тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, көзбен мөлшерлеу | **1.Қошаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** «Күз келді балабақшама»<br>**Мақсаты:**Балалардың ұғымындағы күзгі уақытта өлі және тірі табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Міндеттері:**<br>Балаларға балабақша ауласында күзгі табиғатқа тән құбылыстарды байқап, оларды бір-бірінен ажыратуды үйрету; жел дің соққаны, жапырақтард ың түсуі, күннің суытуы сияқты қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды анықта уға бейімдеу; жыл | **1.Музыка**<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Атай»<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды «Атай» өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тыңдауға үйрету; тақпақтың сөздерін есте сақтап, өзінің шығармашыл ық қабілетін пайдаланып шағын әңгіме құрастыруға талпындыру; тақпақтағы атай туралы айтылған көркем сөздерге мән бере отырып, үлкенді сыйлау, тілін алу керектігін түсіндіру; отбасы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Зейін, ақыл-ой, есте сақтау, ортақ қасиеті бойынша салыстыру, жалпылау, бөлу біліктерін дамыту. Ойыншықтар әлеміне балалардың сүйіспеншілігін арттыру, зеректікке, байқампаздыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **СӨЗДІК ЖҰМЫС** Жаттығуды орындау барысында: «биік», «аласа», «саны көп», «саны аз», «саны тең», «жиыны бір», «жиыны екі» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. **ӘДІС-ТӘСІЛДЕР** Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, көркемсөз, математикалық сатыда зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, дамытушы жаттығу, кейіпкермен қоштасу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау. **ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР** **1. Көрнекілік материалдар.** Алан мен Дананың суреті (ойыншықтары). Ойыншықтар үшін көлемі бірдей қызыл және көк түсті екі қорап. | зияткерлік картаға сүйеніп әңгімені құрастыруды үйрету; мнемокарточкаларға, тірек сұрақтарға сүйеніп балабақша туралы ортақ әңгімені құрастыруға, сөйлемнің бірыңғай мүшелерін белсенді қолдануға дағдыландыру; байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісін, логикасын, есту, еске сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды ұйымшылдыққа, белсенді қарым-қатынасқа, үлкеннің сөзін мұқият тыңдауға, педагог және топтастарымен қарым-қатынаста әдептілік сақтауға тәрбиелеу. **Сөздік жұмыс** Балалардың сөздік қорына: таңғы ас, күндізгі ұйқы, таңертең, күндіз, кешке, күн тәртібі, қимылды ойындар сияқты сөздер мен сөз тіркестерін қосу. **Әдіс-тәсілдер:**Аудиожазбаны тыңдау, сәлемдесу шеңбері, көркемсөз, жұмбақ жасыру, мнемокарточкалармен сөздік жұмыс, сергіту сәті, суреттер сериясы бойынша әңгімелеу үлгісі, зияткерлік карта және суреттер бойынша өздік әңгіме құрастыру, пантомима жаттығуы, пысықтау, | қабілетін дамыту; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Сөздік жұмыс** Балаларға «кең», «ғимарат» сөздерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру. **Әдіс-тәсілдер** Аудиожазбаны тыңдау, бейнежазбаны көрсету, көркем сөз, сурет бойынша кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, зейінге жаттығу, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, музыкалық рефлексия. **Құрал-жабдықтар** **1. Көрнекілік-материалдар:** Интербелсенді тақта, көрсеткіш, үлгілерге тақта. Қарындаш құралы туралы бейнежазба. Әртүрлі ырғақты әуендер. Сурет үлгісі: түрлі-түсті қарындаштармен салынған балабақшаның үлгі | мезгілдеріне тән табиғат құбылыстары туралы түсініктерін тиянақтау. Көзбен қабылдау арқылы фонематикалық есту, есте сақтау, ойлау қабілеті мен дүниетанымын дамыту. Эстетикалық қарым-қатынас, табиғатты сүю, оның әдемілігін сақтау, оған қамқор болу сезімдерін тәрбие леу. **Сөзік жұмыс:**Белсенді сөздік қорға: балабақша, тірі табиғат, өлі табиғат, күн райы, күзгі құбылыстар, сөздері мен сөз тіркестерін пайдалану. **Әдіс-тәсілдер:**Сәлемдесу шеңбері, ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан табиғат және күзгі құбылыстар туралы бейнебаян көрсету, пысықтау, дидактикалық ойын, қорытынды. **Құрал-жабдықтар:** **1. Көрнекілік материалдар.** Интербелсенді тақта, күз мезгілі мен күннің | туралы білімдерін кеңейту. Тақпақтағы сөздер арқылы балалардың тілі мен сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту. Тақпақты мұқият тыңдауға балалардың қызығушылығын ояту; отбасын құрметтеуге, отбасы мүшелерін сыйлауға, мейірімділік пен қарапайымдылыққа тәрбиелеу. **Сөздік жұмыс** «Атай», «жетпейді оның жасына», «тозған кітап түптейді», «бірде бағбан, бірде ұста», «атай көңілі жатыр кең» сөздерін пайдалану арқылы балалардың тілін жетілдіру. **Әдіс-тәсілдер:**Психогимн астика, мәнерлеп оқу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан отбасы және ата туралы бейнебаян көрсету, пысықтау, дидактикалық ойын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Математикалық саты (немесе көлденең екі жолақты қалташалы панно), көрсеткіш. Сандары бірдей биік және аласа пирамидалар (немесе көрнекілік суреттері). Бір мен екі сандары басылған көрнекілік карточкалар. Баяу ырғақты әуенжазба. Сурет-сызбалар: 1) жоғарғы жолақтың сол жақ шетінде бір биік пирамида, төменде екі аласа пирамида. Төмендегі бірінші аласа пирамида жоғарыдағы биік пирамиданың тұсында орналасқан, екінші пирамиданың үстіндегі жоғары жолақта орын бос; 2) биік пирамида тұрған жоғарғы жолақтың оң жақ шетінде екі саны орналасқан, төменгі жолақтың шетінде орын бос; 3) қалыптасқан сызбада өзгеріс бар, төменгі жолақтың шетінде екі саны орналасқан. **2. Үлестірмелі материалдар.** Әр балаға екі тең көлденең жолаққа бөлінген карточка; жолақтың | балалардың іс-әрекетін бағалау. **Құрал-жабдықтар:1. Көрнекілік материалдар.** Көңілді әуенжазба. Ырғақты әуенжазба. Балалардың балабақшаның күн тәртібінде орындайтын іс-әрекеттерін білдіретін мнемокарточкалар сериясы. Балалардың балабақшадағы күн тәртібіне қатысты көрнекілік суреттері: балалардың балабақшада тамақтануы, ойын ойнауы, далада серуендеуі, күндізгі ұйқысы. Суреттер сериясы бойынша әңгімелеудің зияткерлік картасы. Зияткерлік картаны суреттер бойынша әңгімелеу барысында қолдануға арналған сызбалар. Көрсеткіш. **2.Денешынықтыру** Педгогтің жоспары бойынша | суреті. Түрлі-түсті қарындаштар, таза қағаздың беті. Үйдің, балабақшаның әртүрлі суреттері. Балабақшаның суретін салу кезеңдері: - көлденең қағаз бетінің төменгі жағына көлденең тура салынған сызық; - сызықтың үстіне тіке екі параллельді салынған екі сызық; - сызықтың үстіне салынған тіктөртбұрыш; - қағаздың ортасында салынған тіктөртбұрыштың екі жағында тұстастырылып салынған көлемі кішірек екі тіктөртбұрыш; - үш шатыры бар балабақшаның терезесіз суреті; - балабақшаның аяқталған суреті. Бір қатарда түрлі ғимараттардың түрлі-түсті суреттері. **2.Үлестірмелі матераилдар:** Әрбір балаға ақ қағаз беттері, түрлі-түсті қарындаштар.Ойыншықты салуға шағын қағаз беттері. | суреті; күз өзгерістеріне арналған слайдтар немесе мазмұнды суреттер; дидактикалық ойында қолданылатын суреттер; жапырақ бейнеленген таңбалауыштар. **2. Үлестірмелі материалдар.** Күзгі жапырақ бейнеленген таңбалауыштар. **2.Құрастыру Тақырыбы:** «Балабақша біздің үйіміз» **Мақсаты:** Балаларға құрылыс материалдары жинағынан екі қабатты балабақшаны құрастыруды үйрету (тақтайша, кірпіш, текше, цилиндр, призма, пирамида, арка); балабақша құрылымын атай отырып, құрылыс материалдарын бір-біріне тіреп, саусақтарымен түзеу іскерліктерін жетілдіру; балабақшаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру; достыққа тәрбиелеу. **Сөздік жұмыс** Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен | **Құрал-жабдықтар 1. Көрнекілік материалдар.** Интербелсенді тақта, «Отбасы әлемі» композициялық суреті; тақпақ бойынша слайдтар немесе мазмұнды суреттер; отбасы мүшелері бейнеленген картотекалар; бәйтерек картотекалар, отбасы бейнеленген төсбелгілер. **2. Үлестірмелі материалдар.** Бәйтерек картотекалар, отбасы бейнеленген төсбелгілер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрқайсында алты шақпақ бар; жолақтардың оң жақтағы соңғы шақпақтары жеке жуан жақтаумен қоршалған; соңғы шақпақтарда, жоғарыда «бір» саны, төменде «екі» саны салынған.<br>Ыдыстарда шамасы екі түрлі (саны үштен) доптардың кескіндері, бір мен екі сандары.<br>Сандары бір-бірден немесе екі-екіден салынған, түстері әртүрлі үлкен немесе кішкентай доптардың сурет-карточкалары. | | **Мүсіндеу**<br>**2.Музыка**<br>Педгогтің жоспары бойынша | сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «құрылыс материалдары», «текше», «кірпіш», «тақтайша» «призма», «цилиндр», «пирамида» , «тіредім», «түзедім», «бірінші қабат», «екінші қабат» сөздері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер:**Көркемсөз, миға шабуыл, ғажайып сәт, затты зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, кейіпкермен қоштасу, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**<br>Балабақша суреті, «Балабақшаның» дайын үлгісі, құрамында тақтайша, кірпіш, текше, цилиндр, призма, пирамида және арка бар құрылыс материалдары ның жинағы.<br>**2. Үлестірмелі материалдар**<br>Бала санына сәйкес құрамында тақтайша, кірпіш, текше, цилиндр, призма, пирамида және арка | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бар<br>құрылыс материалдары ның жинағы.<br>**Жабыстыру**<br>**3.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **№2**<br>**Үлескеге ұшып келген құстарды бақылау.**<br>Мақсат-міндетері. Құстарды танып білу, дене бөліктерін атау; құстарға қамқорлық сезімдерін ояту. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер.<br>**Еңбек тапсырмалары** (мәселен, гүл суару). Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды орындауды үйрету.<br>**Қимылды ойындары: «Допты қуып жет», «Күн мен жаңбыр»**<br>Мақсат-міндеттері. Бір-бірімен қақтығысып қалмай жүгіруге жаттықтыру.<br>**Еркін ойын :** Мақсат- | **№3**<br>**Жаңбырды бақылау.**<br>Мақсат-міндетері**.** Жаңбыр жауып тұрған кездегі ауа райындағы өзгерістерді білуді үйрету: сұр аспан, бұлтты, бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр. Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ немесе сирек жауады, күзгі жаңбырдан кейін шалшықтағы сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған, құстардың коректері азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді.<br>Жұмбақ.<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>(Жаңбыр.) | **№4**<br>**Бұлтты бақылау.**<br>Мақсат-міндетері. Балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз. Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұлт аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады.<br>Жұмбақтар.<br>Ақ мақта,<br>Жүзіп барады бір жаққа.<br>(Бұлттар.)<br>Көзі жасты жылжып,<br>келе жатыр бір алып,<br>Жабырқаса, жылайды,<br>жадыраса, құлайды.<br>(Бұлт.)<br>**Қимылды ойын: «Кең қадам». (**Мақсат-міндеттері. Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. | **№5**<br>**Өрмекші мен өрмекті бақылау.**<br>Мақсат-міндеттер. Өрмекшінің өмірі жайында терең білім беріп және олардың жоғалып кетуі жайлы әңгімелеп беру. Өрмекті елестету, өрмек ол өрмекшінің ұсақ жәндіктерді қоректену үшін құратын жіңішке, әрі берік өрілген жібі екенін айтып беру. Байқампаздықты қалыптастыру.<br>Жұмбақ.<br>Шидиген ұзын сирағы,<br>Тастай керең құлағы.<br>Сөйтіп жүріп көп жерге,<br>Аспалы торлар құрады. (Өрмекші.)<br>**Қимылды ойын. «Маймылдар».** | **№6**<br>**Өзенді бақылау**<br>Мақсат-міндеттер. Өзенде болатын маусымдық өзгерістерді бақылап және бәрін атап берулерін қадағалау. Су күңгірттенді, суда жүзетін құстар жоқ, балықтар мен бақалар су түбінде. Өзеннің табиғаттың негізгі ресурсы екенін және оның сұлулығына қарап, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Жұмбақтар.<br>Жазда сылдыр қағады,<br>қыста тыным табады.<br>(Өзен.)<br>Бет көрсететін айнам,<br>тауып алдым сайдан.<br>(Ағын су.)<br>**Тәжірибе.** Суға ұсақ тастар мен жаңғақтарды лақтыру.<br>**Қорытынды.** Ауыр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | **Қимылды ойын: «Кең қадам».** Мақсат-міндеттері. Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың). **Еңбек:** гүлзардағы жерді қопсыту. Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. **Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар».** Мақсат-міндеттері. Балалардың өз жолдастарымен бір шешімге келуі және бір іс-әрекетті ұжыммен жасауы. | Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың). **Еңбек:** гүлзардағы жерді қопсыту. Мақсат-міндетері. Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. **Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар».** Мақсат-міндетері. Балалардың өз жолдастарымен бір шешімге келуі және бір іс-әрекетті жасауы. | Мақсат-міндеттері. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеп, ілулі тұрған заттарды алуды үйрету және эстафетаны келесі ойыншы жалғастыруы қажеттігін үйрету. Ойын барысында жылдам шешім қабылдауға тәрбиелеу. **Еңбек:** «Өрмектеп жинау». Мақсат-міндеттер. Кезекшінің міндеті және берілген тапсырманы мүлтіксіз орындау қабілетін дамыту. **Өз бетімен ойындар ойнау.** Мақсат-міндеттер. Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. | заттар батып, жеңілі су бетіне шығады. **Қимылды ойын. «Жылға арқылы».** Мақсат-міндеттері. Екі түзу сызықтан екі аяқпен секіруді қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетінің барысында үйренген әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануды үйрету. **Еңбек:** «Аквариум үшін жағадан ұсақ тастар жинап теру». Мақсат-міндеттері. Тапсырманының маңыздылығына мән беру, Аквариумдағы балықтардың өмірі туралы түсініктерін кеңейту. **Өз бетімен ойындар ойнау.** Мақсат-міндеттері.Ойынның барысы мен ережесін өз бетімен ойлап табуды үйрету; шығармашылық қабілеттерін дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Біз ақылды баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Тамақ ішер алдында<br>Тып-тыныш отырамыз! | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Екі дос» ертегісін жағымды үнмен айта отырып, балаларды ұйықтату. | Баяу әуен қосып, балаларды ұйықтату. | «Әке мен бала» ертегісін қосып, балаларды ұйықтату. | Баяу әуен қосып, балаларды ұйықтату. | «Етікші» ертегісін жағымды үнмен айта отырып, балаларды ұйықтату. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Ертегілер елінде** «Жұман Етікші» | **Желі рөлді ойын «Дүкен»** | **Фудбол үйірмесі** Педагогтің жоспары бойынша | **Би үйренеміз** Педагогтің жоспары бойынша | **Қауіпсіздік ережесі** «Сынық шыныны ұстама!» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ғани Алиасқарға өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын үйрету. | Бекболат Санжарға 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарғын қалыптастыру. | Ғалым Ақмедияр бейнелейтін заттарды қарайды, қолмен ұстап зерттей білуге үйрету. | Талғат Адинаға қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады үйрету | Дархан Адина ғашығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтай білуге үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін түймелеп, аяқ киімнің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Кийм шкафтарын таза ұстау және жинау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | №2 | №3 | №4 | №5 | №6 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Біз ақылды баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Тамақ ішер алдында<br>Тып-тыныш отырамыз! | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(құрастыру)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)** | Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау. | Психолог кеңесі.<br>Мысалы: «Көпшілік орындарда әдепті балалар өздерін қалай ұстау керек?» | «Асығыс тамақтанудың зияны» тақырыбында кеңес. | "Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу. | «Балаларға арналған үй жиhазы» атты сұрақ-жауап. |

Тексерген ________________________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 11.09 - 15.09.2023ж.
Педагогтың аты-жөні: Марсыбаева_А.__ Бабаханова А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Кейбір күндері бала ауырып қалғандықтан балабақшаға келмей қалса, ата-анасы балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігін түсіндіру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. **(музыка)** **Үстел үсті ойыны** «Мозаика». Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып, дұрыс орналастыруды үйрету. Тапқырлықты дамыту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **Дидактикалық ойын «Түстері бойынша бөл».** Мақсат-міндеттері. Өз еріктерімен суреттерді бояуды үйрету. **(сурет салу, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** | **«Мозаика»** Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі заттарды, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, олардың түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу**.** **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Тілдерін дамыту. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын. «Кімнің дауысы?»** Балаларды өз еріктерімен ойнату. Геометриялық фигуралар туралы білімдерін бекіту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ертеңгілік жаттығу** | 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол белде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып: "Міне!" дейді<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>2.1. Аяқтарын сәл бүгіп, қолдарын иек тұсына көтеріп "Міне!" дейді.<br>3. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқтарын алшақ қояды, дене бос, қол иек тұсында (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>3.1. Жерге отырған қалыпта қолдарын шапалақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстау.<br>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 5 рет қайталанады). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Ойын жаттығуы. "Сабын қолғаптары".<br>Мақсат-міндеттері. Балаға қолдарының сыртқы және ішкі жағынан сабындауды үйрету.<br>Бұл бөлімде ойын жаттығуларын немесе мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытуға, үстелге қою дағдыларын және үстелдегі мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ойындарды жоспарлаңыз.<br>**(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәріміз де біргеміз.<br>Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу. | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да, аңға да,<br>Қайырлы таң, жайдары жанға да.<br>Қайырлы таң алға ассын,<br>Кешке дейін жалғассын!<br>Жанды табиғат туралы әңгімелесу. | Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәріміз де біргеміз.<br>Жансыз табиғат туралы әңгімелесу. | Қайырлы таң, ашық аспан!<br>Қайырлы таң, кең далам!<br>Қайырлы таң, күннің нұры!<br>Қайырлы таң, балабақшам!<br>Бәрі бірге айтады.<br>Күз мезгілінің алғашқы айындағы ерекшеліктері, табиғат жайлы әңгімелесу. | Достар бері, келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер.<br>(Г.Абдрахманов)<br>Шеңберде қол ұстасып тұрып, өлең жолдарын бірге айтады.<br>Жанды және жансыз табиғат жайлы әңгімелесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Қазақ тілі**<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>**2.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**:«Ата әжемнің әндері»<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:[а], [ә] дыбыстары.<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды ауылдағы еңбек туралы тақпақтың мәтінімен таныстыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болуының қасиеттерін түсіндіру, [а], [ә] дауысты дыбыстары жөнінде ұғымдар қалыптастыру; «отбасы» жалпылауыш сөзінінің мағынасын түсіндіру, «отбасы тәрбиесі» ұғымының негізін салу.<br>Балаларды көркемсөз мәтінін мұқият тыңдап, жуан және жіңішке айтылған сөздерді байқауды үйрету, [а], [ә] дауысты дыбыстарының артикуляциясына жаттықтыру, осы дыбыстарды жекеше түрде, буын не сөз құрамында айту және ажырату біліктерін, фонематикалық | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: Әжем пісірген піспе нанды безендірейік**<br>**мақсаты**<br>Балаларға піспенанның дөңгелек пішінді сұлбасына қызғалдақ оюын қарындашпен безендіруді үйрету; оюды төрт жаққа қаратып салу тәсілін игерту; отбасы мүшелері туралы түсініктерді тиянақтау; балаларға қазақтың ою элементтері жөнінде қарапайым ұғымдарды жетілдіру; қағаз бетін бағдарлау, көзбен мөлшерлеу қабілеттерін дамыту; нанды қастерлеуге, еңбексүйгіштікке, жақынын сүюге тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балаларға «піспенан», «бастары жан-жаққа қарап тұр», «үш-үштен» сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, бейнекөрініс, көркем сөз, сурет бойынша кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, ауада сурет салу жаттығуы, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, логикалық ойын, бағалау, оқу қызметін пысықтау, | **1.Қошаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** Тазы<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балаларға тазы туралы түсінік беру; тазыға күтім көрсету ерекшеліктері мен оның үй жағдайында өмір сүруі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Міндеттер:**<br>Үй жануарларының табиғатта өмір сүруі қиын екенін түсіндіру; үй жануарларының өмір сүру ерекшеліктеріне сай бір-бірінен ажыратуды үйрету; отбасы туралы түсінік беру. Балаларды тазымен таныстырғанда көркемс өз үлгілерін қолдану арқылы ойлау қабілеті мен тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және шығармашылығын дамыту. Балалардың тазы және басқа да үй жануарларына қызығушылықтарын арттыру; достық қарым-қатынас пен тәртіп ережелеріне, үй жануарларына қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс** | **1.Музыка**<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ормандаңы оқиға»**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды орманда болған оқиға желісінің мазмұнымен таныстыру; әңгімедегі көркемсөзді шынайы айтуға жаттықтыру; әңгіменің мазмұнындағы сөздерді мұқият тыңдап, еске сақтауды үйрету; табиғат әлемі туралы түсініктерін кеңейту.<br>Еске сақтауы мен қабылдау, зейіні мен тілін дамыту.<br>Балалардың әңгімеге қызығушылығын арттыру; құрдастары арасында мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелерін сақтауға және белсенді болуға тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Белсенді сөздік қорға: табиғат әлемі, ормандағы оқиға, тобылғы, қайың, қарағаш, сексеуіл сөздерін қосу.<br>**Әдіс-тәсілдер:**Әңгіме, мәнерлеп оқу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қабылдау дағдыларын қалыптастыру; есту зейінін, еске сақтау, түйсік, қабылдау, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Балаларды сөзді дыбыстау мәдениетіне, отбасына деген сүйіспеншілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>**Сөздік жұмыс**<br>Балалардың сөздік қорына: дауысты дыбыс, шайнек, әткеншек, әйнек, мәсі, малақай, шапан, ата, әке, әже, ана, қыз, ұл сияқты сөздерді дауыстап айтқызып, мәнерлеп сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>Аудиожазбаны тыңдау, бейнероликті көрсету, көркемсөз, жұмбақ жасыру, көркемсөзді мазмұнды суреттер негізінде мәнерлеп оқу, тірек суреттері негізінді сөздік жаттығу, фонетикалық ритмика, артикуляциялық | мақтау, рефлексия.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. Көрнекі материалдар:**<br>Көңілді және ырғақты әуенжазбалары.<br>Интербелсенді тақта, көрсеткіш, үлгілерге тақта. Шыны ыдыстағы әртүрлі оюлармен безендірілген піспенандардың суреті. Қарындашпен салынған гүлдермен безендірілген піспенан суретінің үлгісі. Суретке негіз болатын дөңгелек пішінді қағадың беті. Өсіп тұрған қызғалдақтардың қатарлары. Логикалық ойын үшін Дана, әжей, Алан үшін саны әртүрлі (үшке сай немесе сай емес) гүлдердің суреттері. Түрлі-түсті қарындаштардың қорабы. Дәмін көруге арналып табақшаға салынған әртүрлі піспенандар.<br>**2. Үлестірмелі материалдар:**<br>Балалардың санына сай дөңгелек пішінді қағаздың беттері, түсті қарындаштар.<br>**Оқу қызметінің барысы**<br>**Мүсіндеу**<br>**2.Музыка**<br>Педгогтің жоспары бойынша | Белсенді сөздік қорға: менің отбасым, тазы, үй жануарлары, үйшік, жүн, аяқ, құйрық, итаяқ, сүйек сөздері мен сөз тіркестерін қосу.<br>**Әдіс тәсілдер:**<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан үй жануарларының және тазының тіршілік ету ортасы туралы бейнебаян көрсету, пысықтау, дидактикалық ойын.<br>**Құрал-жабдықтар:**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, тазының суреті, тазы күшігінің суреті; ит пен күшік ойыншықтары, итаяқ, үйшік, тазыға арналған слайдтар немесе мазмұнды суреттер.<br><br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Тазы бейнеленген таңбалауыштар.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: Ханзада бақа**<br>**Мақсаты:** Балаларға ағайынды | түсіндіру, баяндау, көркемсөз, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан ормандағы оқиғадан суреттер көрсету, пысықтау, «Қандай ағаш екенін тап!» дидактикалық ойыны.<br>**Құрад-жабдықтар**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, орман, бұлақ, тобылғы, қайың, қарағаш, сексеуілдің баннерге салынған суреттері; әңгіме мазмұны бойынша слайд немесе мазмұнды суреттер; ағаштар бейнеленген таңбалауыштар.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Ағаштар бейнеленген таңбалауыштар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жаттығу, жаттамақ жаттығуы, ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**Құрал-жабдықтар:**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Ауылдық жерде естілетін дыбыстардың жазбасы.<br>«Қошақан» атты мультипликациялық бейнеролик.<br>Көрнекіліктерге тақта (панно), көрсеткіш.<br>Ауылдағы отбасы мүшелерінің еңбегі туралы суреттер.<br>Слайдтар тізбегі.<br>Көркемсөзде кездесетін әртүрлі заттар мен кейіпкерлердің жеке суреттері тізіледі.<br>Ауылдағы отбасы мүшелерінің еңбегі жөніндегі тақпақтарда кездесетін әртүрлі заттар мен кейіпкерлердің жеке суреттері: ата, әже, ана, әке, бала, шапан, тақия, малақай, орақ, шалғын шөп, шайнек, қазан, әйнек, айран, мәсі.<br>Ырғақты әуенжазба.<br>Суреттер: [а], [ә] | | Гриммнің «Бақа ханзада» ертегісіндегі бақаны қағаздан құрастыруды үйрету; ертегі желісін еске түсіру арқылы балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру; бақа туралы білімдерін толықтырып, бақаның дыбыстауын естумен қатар өздеріне де солай дыбыстауды үйрету; қағаз бен қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; өздерінің жұмыстарын бағалап, өзгенің жұмысына баға беруге үйрету; сөздік қорларын молайту.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді «бақа ханзада», «бақа», «цилиндр», «оң жақ», «сол жақ», «бұрдым», сөздері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дауысты дыбыстарының артикуляцияларының сызбалары.<br>**2.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>**3.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: Шкафқа не жиналғанын санайық.**<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балалардың ұғымында түстері мен өлшемі әртүрлі заттардың жиыны туралы және екі саны туралы<br>түсініктер қалыптасты ру.<br>**МІНДЕТТЕР**<br>Балаларға заттарды санамай, олардың жұптарын салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтауды үйрету; заттарды бір-бірінің тұсына қою және бір-біріне беттестіру тәсілдерін жетілдіру; заттардың ұлдарға немесе қыздарға ғана қажеттілігін білдіретін<br>белгілері бойынша бөлу дағдыларын қалыптастыру.<br>Зейін, есте сақтау, | | сергіту сәті, өздік іс-әрекет, көрме ұйымдастыру, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. Көрнекі материалдар:**<br>Бақаның суреті, «Бақа ханзада» ертегісінің желісі бойынша суреттер, «Бақа ханзаданың» дайын үлгісі, жасыл түсті шаршы, бақаның басы мен аяқтары, қолдарының қиылған үлгілері, қайшы, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, тәждің қиылған үлгісі, қара және қызыл түсті фломастерлер.<br>**2. Үлестірмелі материалдар:**<br>Бала санына байланысты жасыл түсті шаршы, бақаның басы мен аяқтары, қолдарының қиылған үлгілері, қайшы, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, тәждің қиылған үлгісі, қара және қызыл түсті фломастерлер, жұлдызшалар.<br>**Жабыстыру** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойлау және қабылдау мүмкіндіктерін дамыту.<br>Балаларды үлкенге құрмет көрсетуге, зеректікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Жаттығуды орындау барысында: «отбасы мүшелері», «ұлдардың киімі», «қыздардың киімі», «жиыны», «саны тең», «саны тең емес» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Ғажайып сәт, суретті көрсету, көркемсөз, панно алдында іс-тәжірибе жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, кейіпкермен қоштасу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Панно немесе интербелсенді тақта.<br>Көрнекілік пен жаттығуларға арналған екі көлденең | | **3.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жолақ панно.<br>Көрсеткіш.<br>Бірден беске дейін сандардың жинақтары.<br>Көлемі үлкен және кішкентай, түстері әртүрлі шалбарлар мен белдемшелердің кескіндері.<br>Ырғағы баяу орындалатын (№15 )«Сағаттар» әуенжазбасы.<br>Алан мен Дананың суреті.<br>Отбасы мүшелерінің жалпы суреті.<br>Суреттер сериясы:<br>1) оң және сол жағына бөлінген киім шкафы (шкафтың іші бос);<br>2) жіпке ілінген түрлі түсті шалбарлар мен белдемшелер;<br>3) шкафтың екі жағында біркелкі шалбар мен біркелкі белдемшелерге толып тұр.<br>Заттарды сандары бойынша салыстыру барысының сызбалы суреттері.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Әр балаға екі тең көлденең жолаққа бөлінген карточка; жолақтың әрқайсында | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | алты шақпақ бар; жолақтардың оң жақтағы соңғы шақпақтары жіңішке жолақпен қоршалған. Ыдыстарда көйлек, жейде, шалбар, белдемше кескіндері, екі данадан бір мен екі сандары. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | | | |
| **Серуен** | **№7**<br>**Бақшадағы көгөністерді бақылау.** (Қырыққабат, қызылша, қызанақ, бұршақ.)<br>Тақпақ.<br>Көгөністі көп ектік,<br>Өссін, піссін деп ектік,<br>Көктемде еккен көгөніс,<br>Күзде берді көп өнім.<br>Бақылау: көгөністер жөнінде білімдерін кеңейту: аты, түсі, дәмі, тағам түрінде қолданылуы, құрамындағы дәрумені; күзде көгөністерді жинау; көгөністердің пісіп-жетілуіне мән беру; топырақ салынған жәшіктерді арнайы бөлмелерде сақтау. Өз еңбегінің нәтижесіне ұқыпты карауды үйрету.<br>**Қимылды ойын. «Бағбандар».**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бақшаны бірлесіп жинауды үйрету.<br>Ойын ережесі: тәрбиешінің белгі беруін күтіп, эстафетаны жалғастыру.<br>**Еңбек:** бақшадағы жұмыс, көгөністерді жинау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Бақшадағы көгөністерді жинап, ересектер мен достарына белсенді түрде | **№8**<br>**Гүлдерді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Гүлдердің атауларын, оларды бір-бірінен ажыратуды үйрету.<br>Тапқырлықты, ақыл-ой ұшқырлығын дамыту.<br>Нарғызгүл (георгин), қашқаргүл (астра), қырмызыгүл (календула).<br>Жұмбақ.<br>Құлпырса қадірлейді, аялайды,<br>Құрғаса сыпырғышқа жарамайды. (Гүл.)<br>Бақылау: гүлзардағы гүлдердің 2-3 түрінің айрықша белгілерін анықтауды үйрету; оларды ағаштардан ажырата білу; олар қайда өсетінін білу (орман, бақша және тағы басқа). Күзгі гүлдердің сұлулығын сезінуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын: «Бақшадағы тауықтар».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимыл шапшаңдығы мен ептілікті дамыту.<br>Ағаштарға өрмелеп шығып, белгілі бір жерге секіріп түсуді үйрету. Ойын барысында достық | **№9**<br>**Түскен жапырақтарды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Күзгі табиғаттың сұлулығын байқауды үйрету. Тілін дамыту.<br>Жұмбақ<br>Ағайынды бәрі,<br>Шықса жасыл,<br>Түссе сары. (Жапырақ.)<br>Бақылау: ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына балалардың назарын аудару: жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде.<br>Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне, сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу.<br>Тәжірибе: құрғақ жапырақтардың үстімен жүру.<br>Қорытынды: жапырақтар аяқ астында сусылдайды.<br>**Қимылды ойын: «Тыныш жүгіріп өт».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ойын ережесін сақтап ойнауд үйрету.<br>Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай | **№10**<br>**Шалшықтағы суды бақылау.**<br>Көркем сөз.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенім осы.<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінің ерекшеліктерін байқауды үйрету.<br>Бақылау: балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың жерге тез сіңіп, ал күзде жерге тез сіңіп кетпейтініне назар аудару.<br>**Тәжірибе.** Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбіреулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау.<br>**Қимылды ойын: «Бір аяқпен жолдан секіру».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға | **№11**<br>**Аула сыпырушының жұмысын бақылау.**<br>Мақал-мәтел.<br>Еңбексіз өмір – сөнген көмір.<br>Бақылау: аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау, еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі).<br>Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын.«Құнан шабысы»** Мақсат-міндеттері. Ойын ережесін сақтауды (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету.<br>Жылдамдықпен күш жігерді дамыту.<br>**Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға ересектерге көмектесуге үйрету.<br>Еңбектенуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көмек көрсеткен балаларды мақтау. **Еркін ойын: «Көгөністер дүкені».** Мақсат-міндеттері. Көгөністер мен жеміс-жидектерді құмнан мүсіндеу. Берілген ойын тақырыбында шығармашылық және белсенділік көрсеткендерді мақтау; ойынға қызығушылықтарын қолдау және дамыту. Көгөністер мен жемістер туралы алған білімдерін бекіту. | қарым-қатынасты сақтауға тәрбиелеу. **(дене шынықтыру)** **Еңбек:** бақшада жұмыс (жер қазу). **(еңбек іс-әрекеті)** Ересектерге белсенді көмек көрсеткен балаларды мақтау және марапаттау. Ұжымдық тапсырманы бірлесіп орындауға тәрбиелеу. **Еркін ойын:**Мақсат-міндеттері. Түстерді үйлестіруді үйрету. «Геометриялық пішіндерді түскен жапырақтармен әшекейлеу». Әр балаға өз еңбегіне қанағаттанарлық жұмыс істеуіне көмектесу. Сөздік қорын дамыту. | отырып (мәреге дейін жүгіріп бару, кері жүгіріп қайту). Ойындарға белсенді қатысуын талап ету. **Еңбек:** түскен жапырақтарды жинау. Белгіленген жерге түскен жапырақтарды тырнауышпен жинап тасуды үйрету. Балалардың бірігіп жұмыс істеуін қадағалау. **Еркін ойын: «Жапырақты кілем».** Мақсат-міндеттері. Балалардың бірлесіп ойнауларын ұйымдастыру. | жылжып секіруді үйрету. **Еңбек:** балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау, еңбектің маңыздылығын сезінуге және үлкендерге көмектесуге үйрету. **Еркін ойын:** гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ және тағы басқа). Мақсат-міндеттері. Балалардың қосалқы ойындарға қызығушылықтарын дамытып, бір-бірімен тату ойнауға тәрбиелеу. | құштарлықтарын дамыту, басқалардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу тәрбиелеу. **Еркін ойын: доппен ойын.** Мақсат-міндеттері. Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін оята білу. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешіну, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br><br>Жуынсаң сен әрдайым,<br><br>Таза бетің, маңдайың,<br><br>Тазалықтың досы,<br><br>Су дегенің осы. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | «Құйыршық» ертегісін оқып беру, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет,** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | үйретуді жалғастыру.<br>«Алтын жұмыртқа» ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)** | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.<br>**(музыка)** | үйрету.<br>Аудио<br>Қ. Абдильдинаның әні<br>«Айым болып тудың ба»<br>**(музыка)** | «Қоянның үйшігі» ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың,<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Ертегілер елінде** «Мақтақыз» | ***Желі рөлді ойын* «Дәрігер»** | **Фудбол үйірмесі** Педагогтің жоспары бойынша | **Би үйренеміз** Педагогтің жоспары бойынша | **Қауіпсіздік ережесі** «Бөгде адаммен сөйлеспе!» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ерлан Айтөреге сөйлегенде сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, етістіктерді, | Ердәулет Рауанға екі затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша салыстыруды үйрету. | Ержанұлы Алинурға мүсіндейтін затты қолына алып, зерттеуге,оның өзіне тән ерекшеліктерін беруге үйрету. | Елмұрат Бағымға құрылыс бөлшектерін ажыратуға және атауға, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдалануға үйрету. | Есенғали Бағдәулетке кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарап, ертегі, әңгіме құрастыруды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үстеулерді, қосымшаларды қолдануды үйрету. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Алдымен топтағы аяқкиімдерін ауыстырып, орнына қойып, киімдерді ретімен киюді үйрету. Ауыстырған киімдерін орнына бүктеп қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету. **(сөйлеуді дамыту, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | №7 | №8 | №9 | №10 | №11 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешіп, шкаф сөрелеріне реттеп орналастыруды үйрету, қолдарын жуу. **(дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың,<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Отбасы мүшелері туралы әндер жаттау. Ертеңгіліктерге дайындық. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында отбасы мүшелері мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Еркін ойындар.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(құрастыру)**<br>Теартлық қойылымдар. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)** | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу. | «Менің достарым» атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. | «Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу. | Ата-аналардан сауалнама алу. |

Тексерген ________________________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 18.09 - 22.09.2023ж.
Педагогтың аты-жөні: Бабаханова А. Марсыбаева А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен баласының ленсаулығы туралы жеке әңгімелесу (Мысалы, күзде ЖРВИ кезеңінде және ЖРВИ алдын алу шаралары немесе карантин тобында желшешек ауруы болса осы тақырып бойынша кеңес беруді немесе жеке кеңес беруді көрсету). | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. **(музыка)** **«Емхана» сюжетті-рөлдік ойын.** Мақсат-міндеттері. Балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру. Балаларды дәрігер, медбике рөлін ойнауды үйрету. | **Құрылыс ойындары «Аспалы көпір».** Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. | **«Кім зейінді?»** Мақсат-міндеттері. Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі заттарды құрастыру. Көрнекілік: сіріңке қорабында геометриялық пішіндер. Барысы: тәрбиеші геометриялық пішіндерден әртүрлі бейнелерді құрайды. Жылдам құрастырған балаға мақтау | **Дидактикалық ойыны. «Төлдерін тап».** Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін тиянақтау. | **Дидактикалық ойын. "Жамауын тап".** Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттің жетпей тұрған бөлігін тауып, үстіне орналастыруды үйрету. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол белде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып: "Мінеі" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол кеуде тұсында.<br>2.1. Аяқтарын сәл бүгіп, қолдарын иек тұсына көтеріп "Міне!" дейді.<br>3. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқ арасы алшақ, дене бос, қол иек тұсында (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>3.1. Жерге отырған қалыпта қол шапалақтау. | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене тік, қол кеуде тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын кеуде тұсында ұстау, жұдырық түю.<br>4.2. Бастапқы қалып: алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 5 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Сылдырлайды мөлдір су.<br>Мөлдір суға әрдайым<br>Беті-қолды тазалап жу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td>Сәлем, күнім!<br>Сәлем, жер!<br>Сәлем, досым!<br>Сәлем, ел!<br>"Сәлем" деймін әрқашан,<br>Арайлы, балабақшам!<br>Жанды және жансыз табиғатты пысықтау.</td><td>«Достық» шеңбері.<br>Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз,<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br>Қазақстан Республикасының алғашқы Елбасы және қазіргі президенті жайлы әңгімелесу.</td><td>«Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да, аңға да!<br>Қайырлы таң, жайдары жанға да!<br>Қайырлы таң, алға ассын!<br>Кешке дейін жалғассын!<br>(Жарты шеңбер құрып отыр. Бәрі бірге айтады.)<br>ҚР Мемлекеттік Рәміздері туралы әңгімелесу.</td><td>«Армысың шапағатты, Күн-Ана!»<br>Армысың шапағатты, Күн-Ана!<br>Армысың қайырымды, Аспан-Ана!<br>Армысың мейірімді, Жер-Ана!<br>Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!<br>"Қазақ тілін мақтан тұтамын" атты тақырыбында әңгімелесу.</td><td>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға<br>Ертемен ақ пейілмен<br>"Қайырлы таң!"- деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін<br>«Кеш жарық!» - деп кіремін.<br>Шеңбер бойымен тұру, бір-біріне күлімдеп қарау.<br>Тілдер мерекесі жайлы әңгімелесу.</td></tr>
<tr><td>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</td><td>1.Қазақ тілі<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>2.Денешынықтыру<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>3.Математика негіздері<br>Тақырыбы:Санауды үйренемін. Тәуілік бөліктері.</td><td>1.Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:«Менің мекенім» тақырыбынла әңгімелесу.<br>Мақсаты:<br>Балалардың ұғымында мекенжай туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>Қазақстандағы ауыл мен қала, елді мекендер, табиғи ерекшеліктері</td><td>1.Сурет салу<br>Тақырыбы:<br>Арқасын жиырған мысық<br>Мақсаты:<br>Балаларға арқасын жиырған мысықтың бейнесін бормен салу амалдарын үйрету;<br>қағаздың ортасына мысықтың денесі мен аяқтарын доғалы сызық</td><td>1.Қошаған ортамен таныстыру<br>Тақырыбы: Жабайы жидектер<br>Мақсаты:<br>Балалардың ұғымында қарақат жидектері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>өсімдіктердің даму кезеңдері (сабағы,</td><td>1.Музыка<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>2.Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: Менің өлкем<br>Мақсаты:<br>Балаларды Қабдыкәрім Ыдырысовтың «Менің өлкем» өлеңінің мазмұнымен</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **МАҚСАТЫ** Балалардың ұғымындағы тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) туралы түсініктерін кеңейту, үш саны туралы түсінік беру. **МІНДЕТТЕР** Балалардың ұғымында тәулік бөліктеріне қатысты уақыттар: «таңертең», «күндіз», «кеш», «түн» туралы түсініктерін тиянақтау; «тең» ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру; санд арды ретімен санауды үйрету. Зейін, есте сақтау, ақыл-ой қабілеттерін дамыту. Балаларды зеректікке, байқампаздыққа, тәртіптілікке, достыққа тәрбиелеу. **СӨЗДІК ЖҰМЫС** Жаттығуды орындау барысында: «тәулік бөліктері», «таңертең», | жөнінде жалпы мәлімет беру; Қазақстан баланың ғана емес оның жанында тұрған адамдардың да ортақ тұратын мекені, туған жері екенін түсіндіру. Балаларды өздері тұратын мекенжайын нақтылы, бірнеше сөйлем арқылы айтуға жаттықтыру; «Қазақстан» тақырыбына байналысты сөздік жаттығуларға белсенді қатысуға бейімдеу, әңгіме барысында Отан ұғымының сипаттамасын білдіретін сын есімдерді қолдануға машықтау; байланыстырып сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, ақыл-ойды, есту зейінін, еске сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Балалардың туған өлкесіне отансүйгіштік сезімін ояту, туған жерінің сұлулығын байқауға, зеректікке тәрбиелеу. **Сөздік жұмыс** Балалардың сөздік қорына: атамекен, мекенжай, пәтер, көше, ауыл, қала сияқты сөздерді қосу. «Менің өлкем», «менің туған | негізінде салып, бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына ұзын құйрықты салу тәртібін қалыптастыру; мысық бейнесін дене мүшелері мен сыртқы келбетін сызықтарымен толықтыруға талпындырту; мысықтың тіршілігі туралы білімдерін пысықтау; дене пропорцияларына көңілін аудару; үй жануарларына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. **Сөздік жұмыс** Балаларға «тікірейіп құлағы», «бойын жазып, керіліп» сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып сөйлеу дағдысын жетілдіру. **Әдіс-тәсілдер** Күтпеген сәт, зейінге жаттығу, көркем сөз, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, ауада сурет салу жаттығуы, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, сауықтыру жаттығуы. **Құрал-жабдықтар** **1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР** Көңілді және салмақты әуен жазбалары. Интербелсенді тақта, | жапырағы, гүлі, жидегі) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. **Міндеті.** Бақылау барысында өсімдіктердің тірі табиғатқа жататынын анықтау; өсімдіктердің (жемістер, жидектер), бұталар және ағаштар болып жіктелуі туралы түсініктерді бекіту. Көркемсөздер арқылы ойлау қабілеті мен тілін, есте сақтау, зейінін және шығармашылығын дамыту. Балаларға өсімдіктерге күтім жасауға баулу, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. **Сөздік жұмыс** Белсенді сөздік қорға: табиғат әлемі, жидектер, қара қарақат, қызыл қарақат, тұқым, тірі табиғат сөздері мен сөз тіркестерін қосу. **Әдіс-тәсілдер:**Кіріспе әңгімелесуі, ой қозғау жаттығуы, қарастыру, бақылау, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді суретті көрсету, | таныстыру; өлең жолдарындағы көркемсөз атауларын анық айтуды үйрету; өлеңнің мазмұнындағы сөздерді мұқият тыңдап, еске сақтауды үйрету; Қазақстан туралы түсініктерін кеңейту. Өлең жолдарындағы көркемсөз арқылы балалардың еске сақтау, қабылдау қабілетін, зейіні мен тілін дамыту. Отанға сүйіспеншілікті арттыр у, адамгершілік ережелерін сақтау және белсенді болуға тәрбиелеу. **Сөздік жұмыс** Балалардың сөздік қорын: Алатау, Алтай, Атырау, Арқа, Арқалық, Сарыжайлау атты жерлердің атаулары арқылы байыту; байтақ, мәңгі-бақи сөздерінің мағына сын түсіндіру. **Әдіс-тәсілдер:** Әңгіме, мәнерлеп оқу, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан Қазақстан туралы бейнебаян көрсету, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «күндіз», «кешке», «түнде», «жиыны (барлығы) екі (үш)» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Аудиожазбаны тыңдау, бейнеролик көрсету, көркемсөз, пантомима дамытушы ойыны, панно алдында іс-тәжірибе жаттығуы, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, дамытушы жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Ғажайыптарды білдіретін әуенжазба.<br>Таңертең, түс, кеш, түнгі уақыт көріністері. Тәулік бөліктері туралы бейнеролик.<br>Панно немесе интербелсенді тақта.<br>Көрсеткіш.<br>Суреттер сериясы.<br>1. Балалардың | жерім», «менің мекенжайым», «балықтар суда мекендейді», «аю орманда мекендейді», «балық суда мекендейді», «адам қалада (ауылда) тұрады», «ит үйшікте (аулада) тұрады», «құс ағашта мекендейді» сияқты жауаптарды дауыстап айтқызып, мәнерлеп сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>Аудиожазбаны тыңдау, сәлемдесу шеңбері, таңғажайып сәт, педагогтің әңгімесі, миға шабуыл жаттығуы, тірек сызбалары негізінде сөздік жаттығу, логикаға қайшы суреттерден тұратын жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**Құрал-жабдықтар:**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Домбырада орындалған күйдің аудиожазбасы.<br>Аланнан келген хат үлгісі.<br>Көрнекілікке тақта және көрсеткіш.<br>Педагогтің әңгімесіне қосымша көрнекіліктер: Қазақстанның шағын картасының сұлбасы; баланың | көрсеткіш, үлгілерге тақта. Мысықтың суреті. Ақ, ала, қара мысықтардың жеке тұрған суреттері. Сызбалы суреттер: тіке, ирек және доғалы сызықтар. Мысықтың түрлі қалыптарын білдіретін көрнекілік суреттердің тізбегі. Арқасын жиырған мысықтың бормен салынған суретінің үлгісі. Арқасын жиырған мысықты салу кезеңдерін білдіретін үлгілер тізбегі. Мысықтың қараңғыдағы көздерінің суреті. Түрлі-түсті бордың қорабы. Бірнеше мысықтың арасында тұрған екі бірдейінің әртүрлі қалыпта тұрғанын бейнелейтін сурет.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Балалардың санына сай келетін таза қағаз беттері мен түсті бордың қораптары.<br>Мысықтың саусақтарға кигізілетін маскалары.<br>**Мүсіндеу**<br>**2.Музыка**<br>Педгогтің жоспары бойынша | пысықтау, дидактикалық ойын, шығармашылық жаттығу.<br>**Құрал-жабдықтар:**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, қара және қызыл қарақат жидектерінің суреттері; жеміс ағаштары және жидек бұталарының суреттері; ыдыстағы кептірілген шетен жидектері, жіптер.<br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Қарақат бейнеленген таңбалауыштар, сүлгілер.<br>**2.Құрастыру Тақырыбы: Саңырауқұлақтар мекеніне саяхат мақсаты**<br>Балаларға дәнді-дақылдарды пайдаланып, саңырауқұлақты құрастыруды үйрету; жасымықтан саңырауқұлақтың қалпақшасын, қарақұмықтан саңырауқұлақтың түбіртегін, құрмадан саңырауқұлақ орналасқан шөпті жапсыру арқылы | пысықтау, дидактикалық ойын.<br>**Құрал-жабдықтар:**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, Астана қаласындағы Ақорда, Бәйтерек, Астана арена, Хан шатыр ғимараттарының суреттері; өлең мазмұны бойынша слайд немесе мазмұнды суреттер; Қазақстанның Туы, Қазақстанның туына ұқсас басқа төрт мемлекеттің туы бар суреттер, көк шарлар, Қазақстанның физикалық картасы.<br><br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Көк шарлар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұйқыдан тұрғаны.<br>2. Балалардың ойыншықтармен ойнап жатқаны.<br>3. Балалардың ойыншықтары жинаулы тұрған бөлмеде жүргені.<br>4. Балалардың ұйқыда жатқаны.<br>Баяу ырғақты әуенжазба.<br>Математикалық екі жолақты панно, әр жолақ алты шартты шақпаққа бөлінген.<br>Көрнекілік карточкалары: жасыл табақшалар, қызыл алмалардың суреттері.<br>Бірден беске дейінгі сандардың жинақтары.<br>Карточкаларының сериясы: бір,<br>екі немесе үш дана дөңгелек (үшбұрыш, шаршы).<br>Табақша мен алманы панноға тізу және санға сәйкестеудің сызбалы суреттері.<br>Алмалардың бір жолақта тізілгені және сәйкес сандардың салынған | мекенжайын белгілейтін дөңгелек фишка;<br>екі түрлі, көп қабатты және жер үйі бар ғимараттарының сұлбалары.<br>Тірек-сызбалар:<br>Қазақстан жалауы (ойыншық түрі), қала немесе ауыл, көше, үй, саты мен есік.<br>Ырғақты әуенжазба.<br>Аңдар, құстар, адам, балықтардың өздеріне сай емес, әртүрлі ортада мекендегені туралы логикаға<br>қайшы суреттердің үлгілері.<br>**2.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша | | балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру; миға шабуыл әдісі бойынша саңырауқұлақтардың белгілерін табу, ойлау қабілеттерін жетілдіру; «шыбынжұт» саңырауқұлағы туралы білімдерін толықтыру; саяхатқа шығуға ынталандыру.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Құрылысқа қатысты әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «дәнді дақылдар», «жасымық», «қарақұмық», «құрма», «саңырауқұлақ», «қалпақша», «түбіртек», «саңырауқұлақтар әлемі», «күз мезгілі» сөздері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, миға шабуыл, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, балалардың жұмысын бағалау және оқу | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәртібіннің сызбалы суреттері.<br><br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Әр балаға көлденең бір жолақты карточка. Жолақтардың оң жақтағы соңғы шақпақтары жіңішке жолақпен қоршалған. Ыдыстарда саны бестен қызыл алмалар жинақтары. Бірден үшке дейінгі сандар жинақтары. | | | қызметін пысықтау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. Көрнекі материалдар:** Күз мезгілі белгілерінің суреті, саңырауқұлақтың суреті, саңырауқұлақ әлемінің суреті, «Шыбынжұттың» дайын үлгісі, қағаз бетінде саңырауқұлақтың суреті салынған қағаз, жасымық, қарақұмық, құрма, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше.<br>**2. 2. Үлестірмелі материалдар.**<br>байланысты қағаз бетінде саңырауқұлақтың суреті салынған қағаз, жасымық, қарақұмық, құрма, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше.<br>**Жабыстыру**<br>**3.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **№12**<br>**Ағаштарды бақылау.**<br>Көркем сөз.<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі,<br>Кіп-кішкентай ағаштар,<br>Үп-үлкен боп өседі.<br>Бақылау: ағаштардың 2-3 түрін сыртқы белгілерінен (шырша, қайың, терек) тану және ажырату. Маусымдық өзгерістер кезінде ағаштарды бақылау, жапырақтарының азаюына назар аудару. Жапырақтардың жазда және күзде қандай түсте болатынын анықтау.<br>**Қимылды ойын. «Аталған ағашқа жүгіріп бар».**<br>Мақсат-міндеттері. Ағаштың атауын сын-сипатынан білу. Белгі бойынша жұмыс істеу, алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыруды үйрету.<br>**Еңбек:** ағаштардың арасындағы қурап жатқан бұтақтарды жинау. Ұжымдық тапсырмаларды орындау, бірлескен тапсырманы дер кезінде аяқтауды үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | **№13**<br>**Шөптің солуын бақылау.**<br>Жұмбақ.<br>Дала кілемі.<br>Ол не? (Шөп, өсімдіктер.)<br>Бақылау: балалардың ұғымындағы шөптің түрінің өзгеруі туралы түсініктерін кеңейту. Өсімдіктерге қызығушылықтарын дамыту.<br>**Қимылды ойын. «Көгершін» ойыны.**<br>(Шешен-ингуш халықтарының ұлттық ойыны)<br>Мақсат-міндеттері. Алаңда орын ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге қосып, қолды тізеге дейін созып айқастырып ұстау (қабылдаған қалыпты сақтау, орын ауыстыру, бір-бірін итермеу). Ойын ережесін сақтау.<br>**Еңбек:** қурап қалған шөпті тырнауышпен жинау.<br>Тырнауыштармен жұмыс істеуді бекіту, нақтылы орынға шөпті жинау. | **№14**<br>**Шыбын-шіркейлердің жойылуын бақылау.**<br>Жұмбақ.<br>Шидім, шидім, шидім құс,<br>Ши басына қонған құс.<br>Қарқаралы қара құс,<br>Хан басына қонған құс.<br>(Шыбын.)<br>Бақылау: күз мезгілінде шыбын-шіркейлерлің өмір сүруін, олардың тастар мен жапырақтардың астына тығылуын бақылау, қорытынды жасау. Ауа райының салқындауына байланысты жәндіктердің жоғалуы.<br>**Қимылды ойын. «Көбелекті ұстап алу».**<br>Мақсат-міндеттері. Бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруді үйрену. Достарымен жақсы қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** гүлзарды қурап қалған гүлдерден тазалау, өз міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға тәрбиелеу, өсімдіктерге қызығушылықтарын дамыту.<br>**Еркін ойын:** сүйікті | **№15**<br>**Саңырауқұлақты бақылау.**<br>Жұмбақ.<br>Сырты бүтін,<br>Іші түтін.<br>(Саңырауқұлақ.)<br>Жеуге жарамды – ақ түсті, майлы.<br>Улы – шыбынжұт (мухомор), бозарыңқы арамқұлақ.<br>Бақылау: саңырауқұлақтарды ажырата білу, олардың сырт бейнесіне қарап тану (түсі, пішіні).<br>Бөліктерін атап беру: аяғы, қалпағы. Күз айының кереметін ұғыну, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Аюдың апанында» (орыс халқының ұлттық ойыны).)**<br>Балаларға сөздерін анық айтқызу, ойын ережесін сақтауға үйрету. «Аюды» санамақ арқылы таңдауды үйрету.<br>**Еңбек:** тотықұсқа қорек беру.<br>Мақсат-міндеттері. Өз еңбегінің маңыздылығын | **№16**<br>**Жапырақтардың түсуін бақылау.**<br>Жұмбақ.<br>Ағайынды бәрі,<br>Шықса жасыл,<br>Түссе сары.<br>(Жапырақ.)<br>Бақылау: өсімдіктер дүниесінің маусымдық өзгерістері туралы түсініктерін толықтыруды жалғастыру; жалаңаш ағаштар.<br>Жапырақтардың қайдан түскенін, қайда түскенін, түсі қандай болғанын естеріне түсіру. Әдемі жапырақтарға сүйсіне қарап, табиғатты тануды және табиғатпен қарым-қатынастан қуаныш алуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Соқыр теке» ойыны (орыс халқының ұлттық ойыны).**<br>Мақсат-міндеттері. Ойын ережесін сақтай отырып, балалардың ойынға қатысуын қадағалау.<br>**Еңбек:** ауладағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ӨзЕркін ойын:** әткеншек тебу.<br>Ойын барысында достық қарым-қатынастарын жетілдіру. | Еңбексүйгіштікке баулу.<br>**Еркін ойын: «Ертегідегі үйшік» ойыны.**<br>Балалардың қалауы бойынша (2-3 адам) үйшік ойнауларын қадағалау. Байсалды, қуанышты жағдай жасауына мүмкіндік туғызу. | ойыншықтармен ойнау, ойынды достарымен бірігіп ойнауды үйрету. | түсіндіру.<br>**Еркін ойын:** «Балық аулау» және тағы басқа ойындар.<br>Ептілікті талап ететін дербес ойындарды ойнау, қимыл жылдамдығын дамыту. | жұмыс.<br>Жапырақтарды тырнауышпен жинау.<br>Өз бетімен ойналатын ойындар: түскен жапырақтардан оюлар, заттар құрастыру, шығармашылық қиялдарын дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады.<br>Аудио тыңдау М.Беспаевтің орындауындағы ән «Әлди, әлди әні». **(музыка)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>Алтын сақа ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(музыка)** | Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>"Түлкі мен қоян" ертегісін оқып беру.<br>**(көркем әдебиет)** | Өз төсектерін салуды біледі.<br>Аудио тыңдау Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні.<br>**(музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(дене шынықтыру, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудармту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Ертегілер елінде**<br>«Маша мен аю» | **Желі рөлді ойын «Дәрігер»** | **Фудбол үйірмесі**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Би үйренеміз**<br>Педагогтің жоспары бойынша | **Қауіпсіздік ережесі**<br>«Оттықпен ойнама!» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Бекболат Санжарға өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын үйрету. | Дархан Адинаға 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарғын қалыптастыру. | Талғат Адинаға бейнелейтін заттарды қарайды, қолмен ұстап зерттей білуге үйрету. | Ғани Алиасқарға қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады үйрету | Ғалым Ақмедияр шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтай білуге үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Алдымен, топтағы аяқкиімдерін ауыстырып, аяқкиімді орнына қойып, киімдерді рет-ретімен киюді үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп, орындарына қойғандарын қадағалау. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | | | | |
| **Серуен** | №12 | №13 | №14 | №15 | №16 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімдерін жүйелі түрде шешіну дағдысын үйрету, шкаф сөрелеріне киімдерін жинауды, қолдарын жууды қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуді үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Арыстан мен тышқан" ертегі желісін маскамен сахналау.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Еркін ойындар.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(құрастыру)**<br>Өнер бұрышында табиғат әлемін мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)** | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу. | Балалардың тәртібі жайлы әңгімелесу. | «Бала неге тіл алмайды?» тақырыбында әңгімелесу. | «Отбасында отансүйгіштікке тәрбиелеу» туралы ата-аналармен әңгімелесу. | Ата-аналар жиналысы: «Отбасы — тәрбие бастауы». |

Тексерген ______________________

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Топ «Қоңыру» тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 25.09 - 29.09.2023ж.
Педагогтың аты-жөні: Марсыбаева А.  Бабаханова А.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Ұйымдастрылған іс-әрекетке әр баланың дайындығы және оған керекті заттар туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер. Балалардың паритоттық сезімдерін оятады. **(музыка)**<br><br>**Құрылыс ойындары** "Жануарларға арналған балабақша", "Қуыршақтарға арналған үй". Мақсат-міндеттері. Ағаштардан үй құрылысын жасауды үйрету. Тиянақтылыққа дағдыландыру. | **Дидактикалық ойын. «Қасқырдан құтқар».** Мақсат-міндеттері. Тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға (үй жануарлары мен қасқырдың ойыншығына) аударады. Әр үй жануарын қасқырдан құтқару үшін ол туралы өлең, жұмбақ, | **«Ғажайып қоржын» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Заттардың атауларын жалпылауды, заттарды бір-бірінен ажыратуды үйрету. Ойынның шарты. Ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар бар: ойыншықтар, оқу құралдары. Сол заттардың ішінен оқу құралдарын бір бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек. Оқу құралдары мен ойыншықтарды бөлек жинайды. | **Дидактикалық ойын. "Ғажайып нүктелер".** «Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады. Нүктелерді өзара қосып, қарлығаштың суретін шығарады. | **Суреттерді бояу** Суреттерді бояу, беттерін де бояу. Мақсат-міндеттері. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жаңылтпаш айту керектігін түсіндіреді. | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол кеуде тұсында.<br>2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Орындарында тұрып, бастарын оңға және солға бұрады.<br>3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол кеуде тұсында.<br>4.1. Қолдарын жандарына созады.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>5.1. Қолдарын жандарында ұстап, бір орында тұрып, пингвин сияқты айналу.<br>5.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Ас ішуге тұрайық,<br>Қолымызды жуайық.<br>Сабын мен суды аямай,<br>Тазалықты сақтайық. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Қылқалам ханшасы».**<br>Жер-Ана, саған мың алғыс,<br>Сыйлайсың бізге қуаныш.<br>Жазда, күзде, қыста да,Көркемсің көктем тұста да!<br>Шеңберге жиналып тұрады, бір-біріне | **«Тілек тілеу».**<br>Барлығымыз табиғатты сүйеміз,<br>Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.<br>Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз,<br>Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!<br>Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. | Сәлем, саған, ыстық жерім!<br>Сәлем, саған, туыс елім!<br>Ыстық маған ошақ үйім,<br>Домбыраның қоңыр күйі!<br>Бір-біріне жылулық сыйлап, достық, топтың ережесі туралы әңгімелесу. | Қайырлы таң, Алтын күн!<br>Қайырлы таң, Жер-Ана!<br>Аман болсын, достарым,<br>Аман болсын, ата-анам!<br>Алтын күз жайлы әңгімелесу. | Күн жылуын аямасын,<br>Шуағымен аяласын.<br>Достық деген бәйтеректі,<br>Барлық бала саяласын.<br>Жапырақтар туралы әңгімелесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылы сөздер айтады.ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау. | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Қазақ тілі**<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>**2.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>**3.Математика негіздер**<br>**Тақырыбы:** Менің көшемде не бар?<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балаларға екі, үш жиын сандары туралы түсінік беру: екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету.<br>**МІНДЕТТЕР**<br>Балаларға заттарды екіден, үштен санап алуды және белгілі сандарға сәйкестендіруді үйрету; заттарды жұппен қою арқылы тең немесе тең еместігін анықтай білуді бекіту; заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды бекіту; Қазақстан | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**: «Туыстар»<br>Сөйлеудің мәдениеті «ы», «і» дыбыстары<br>**Мақсаты:**Балаларға туыс адамның отбасындағы орны туралы түсіндіру; [ы], [і] дауысты дыбыстары жөнінде ұғымдар қалыптастыру; дауысты дыбыстарды сөздердің құрамында жіңішке және жуан болуына мысалдар көрсету; «Отан» және «отбасы» жалпылауыш сөздерінің мағынасын пысықтау, түстердің реңктері жөнінде мағлұмат беру. Балаларды [ы], [і] дауысты дыбыстарының артикуляциясына жаттықтыру, осы дыбыстарды жекеше түрде, буын не сөз құрамында, қарапайым мәтінде құлақпен есту, айту біліктерін, фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру; есту | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: Ыдыстар**<br>**Мақсаты:**Балаларды акварель бояуларымен таныстыруды жалғастыру, акварель бояуын суға езу, бояуды қылқаламмен араластырып қоюландыру тәсілін қалыптастыру; қылқаламмен шеңбер және жарты шеңбер пішіндерін бір-бірінің қасына салып, табақша мен шыны-аяқ суреттерін бір сюжетке біріктіруді үйрету. Салынған пішіндерді белгілі ретпен нүктелермен безендіру техникасына дағдыландыру; отбасыдағы туыстық, жылы қарым-қатынас туралы түсініктерді дамыту; қағаз бетін бағдарлау қабілетін, зейін, ақыл-ойды дамыту; шыдамдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балалардың сөйлеу тілін: акварель, шеңбер, жарты шеңбер, мүйіз оюы сияқты сөздері мен сөз тіркесі арқылы | **1.Қошаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** Қыран<br>**Мақсаты:**Балалардың ұғымында жабайы табиғат өкіліне жататын қыран құсы туралы түсініктер қалыптастыру.<br>**Міндеттері**<br>Балаларға бақылау барысында маусымға тән көріністерді байқауды; қыранның қыста да, жазда да тіршілік етуіне қажетті жағдайларды (қоректен уі, мекендейтін орны) анықтауға машықтандыру; жабайы құстың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы туралы білуге қызығушылықта рын арттыру; қыранның қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде маңызды орын алатын құс екені туралы қосымша мәлімет беру. Көркемсөздер арқылы ойлау қабілетін, тілін, | **1.Музыка**<br>Педгогтің жоспары бойынша<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Алтын күз**<br>**Мақсаты:** Балаларды «Алтын күз» өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, тақпақты мұқият тыңдауды үйрету; тақпақтың жатқа айтатын сөздерін еске сақтап, қайталап айтуға жаттықтыру; тақпақтағы күз мезгілін көркемсөзбен әдемі өрнектеген жолдарына балалардың назарын аудару, мәнін түсіндіру; күз мезгілі туралы түсінік беру. Көркемсөз арқылы тілін, еске сақтау қабілеті мен зейінін дамыту. Тақпақты жаттауға балалардың қызығушылығын ояту; бір-бірін құрметтеуді, үлкенді сыйлауды үйрету, қарапайымдылық пен белсенділікке<br>**Сөздік жұмыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындау тәртібін пысықтау; ағаштардың пайдасы жөнінде баяндау. Зейін, ақыл-ой, өзін-өзі бағдарлау, есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту. Балаларды отансүйгіштікке, ұйымшылдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Жаттығуды орындау барысында: «гимн», «жалау», «сандары тең», «ағаштар», «оң қол», «сол қол», «жиыны (барлығы) екі (үш)», «саны кем», «саны артық» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br><br>Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, қимылды жаттығу, дамытушы ойын, панно алдында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, пысықтау, балалардың іс- | зейінін, еске сақтау, елестету, түстерді қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларды сөзді дұрыс дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу: туған жерге, отбасына, туған-туысқа деген сүйіспеншілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балалардың сөздік қорына «отбасы», «туыс» жалпылауыш сөздеріне қатысты «сіңлі», «әпке», «бауыр», «іні», «аға», «қарындас», «немере»<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>Аудиожазбаны тыңдау, таңғажайып сәт, көркемсөз, суретті көрсету, «сиқырлы сақинамен» сөздік жаттығу жасау, тірек суреттері негізінді сөздік жаттығу, қимылды, рөлдік жаттығу, артикуляциялық жаттығу, таңбалауыштармен түсті терапия және сөздік жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**Құрал-жабдықтар:**<br>**1. Көрнекілік материалдар.** | жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, көркемсөз, миға шабуыл, күтпеген сәт, сурет бойынша сұрақ-жауап, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, ауада сурет салу жаттығуы, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, қабылдау мен елестетуге ойын жаттығуы, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, музыкалық рефлексия.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1.Көрнекі материалдар**<br>Қазақ халқының күйлері жазылған аудиожазбалар. Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы. Интербелсенді тақта, көрсеткіш, үлгілерге тақта. Алан мен достарының суреті. Дастарханның суреті, шай ыдысының бір данасы. Акварельді бояулар, қылқалам, тіреуше, төсеніш, ыдысқа құйылған таза су. Табақша мен кесе суретінің үлгісі. Шеңбер мен жарты шеңбердің сызбасы. Суретті салу кезеңдері: сол жақта шеңбер, табақша негізі; шеңбердің оң жағында жарты шеңбер. | еске сақтау қабілеті мен зейінін дамыту. Балалардың қыранға қызығушылықтарын арттыру; мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға тәрбиелеу; патриоттық сезімге тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Белсенді сөздік қорға: менің Қазақстаным, қыран, теңдік құсы, елдік пен еркіндік құсы, қасиетті құс, қырағы құс сөздері мен сөз тіркестерін<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>Кіріспе әңгімелесу, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан қыран туралы бейнебаян, ой қозғау сәті, сурет көрсету, пысықтау.<br>**Құрал-жабдықтар:**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, ҚР Мемлекеттік Гимні жазылған аудиожазба, қыранның суреті, қиылған суреттер, қыранға арналған слайдтар немесе мазмұнды суреттер.<br><br>**2. Үлестірмелі** | «Қош келдің, Алтын күз!», «Алтын күз бірде шуақ, бірде салқын», «Жер мен көк жалтыраған сап-сары алтын», «Ағашта жапырақтар сылдырлайды», «Қырманда қызыл алтын, қызыл маржан» сөздерін пайдалану.<br>**Әдіс-тәсілдер:** Әңгіме, мәнерлеп оқу, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан сары жапырақтардың желмен ұшып жүргенін көрсету, пысықтау, дидактикалық ойын.<br>**Құрал-жабдықтар:**<br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Интербелсенді тақта, күзгі табиғаттың суреті; алма, алмұрт ағаштарының нақпішіні, себет, табиғи алмұрт пен алмалар, тақпақ мазмұны бойынша слайд немесе мазмұнды суреттер; алма мен алмұрт бейнеленген таңбалауыштар.<br><br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Алма мен алмұрт бейнеленген таңбалауыштар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекетін бағалау.<br><br>**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**<br><br>**1. Көрнекілік материалдар.**<br>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні жазылған әуенжазба. Орташа ырғақты әуенжазба. Марш ырғағындағы әуенжазба.<br>Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының суреті. Жалауларды салуға шелек. Қала көшесінің суреті. Математикалық екі жолақты панно. Көрсеткіш.<br>Үйлер мен ағаштар бейнеленген суреттер. Бірден беске дейінгі сандардың жинақтары.<br>Үйлер мен ағаштардың топтамаларын жиын сандары бойынша салыстыру барысының сызбалы суреттері.<br><br>**2. Үлестірмелі** | Баяу ырғақты, көңілді әуенжазба.<br>Қолына фотоаппарат ұстаған Аланның суреті.<br>Көрнекіліктерге тақта немесе панно.<br>Көрсеткіш. Үлкен отбасының көрнекілік суреті.<br>«Сиқырлы сақинаның» нақпішіні (қатты қағаздан жасалған, ұстағышы бар сақина немесе түсті пластиктен пирамиданың ең үлкен сақинасы), [ы], [і] дауысты дыбыстарының артикуляциясын білдіретін сызбалы суреттер.<br><br>**2. Үлестірмелі материалдар.**<br>Қимылды, рөлдік жаттығуға қажетті отбасы мүшелерінің суреттері (ата, әже, әке, ана, аға, әпке, сіңлі (қарындас), бауыр (іні) салынған қалташалар.<br>Әр балаға белгілі түстің ашық және қою реңктегі екі таңбалауышы.<br>**2.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары бойынша | Ойынға қажетті суреттердің жұптары: сол жақта - кішкентай дөңгелек, оң жақта - жарты дөңгелек; толған ай мен киіз үй; сол жақта - дөңгелек, оң жақта - жарты дөңгелек; қарбыз бен оның тілімі; сол жақта кішкентай дөңгелек, оң жақта оған түйістірілген жарты дөңгелек; тасбақа.<br>**2. Үлестірмелі материалдар**<br>Балалардың санына сай акварель бояуының қораптары, қылқалам, тіреуше, төсеніш, сүлгі, ыдысқа құйылған таза су. Көгілдір жалаушалар.<br>**Мүсіндеу**<br>**2.Музыка**<br>Педгогтің жоспары бойынша | **материалдар.**<br>Қыран бейнеленген таңбалауыштар.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** Бидай масағы<br>**мақсаты**<br>Балаларға украин халқының «Масақ» ертегісіндегі масақты оригами әдісі бойынша құрастыруды үйрету; ертегі желісін еске түсіру арқылы есте сақтау қабілеттерін жетілдіру; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру; дастарханға нанның қалай келетіні жайлы білімдерін толықтыра отырып, нанды қадірлеуге, жерде жатса баспауға тәрбиелеу; оригами әдісі туралы анықтама беру.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «Ас атасы - нан», «оригами», «масақ», «шаршы», «үшбұрыш», «бүктедім», «бидай масағы» сөздері | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **материалдар.**<br>Әр балаға көлденең екі жолақты карточка. Жолақтардың оң жақтағы соңғы шақпақтары жіңішке жолақпен қоршалған. Ыдыстарда үйлер мен ағаштардың сурет-карточкалары.<br>Бірден үшке дейінгі сандар жинақтары.<br>Бала санына қарай көгілдір түсті жалаулар. | | | мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Көркем сөз, суретті көрсету, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, көрме ұйымдастыру, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>**Құрал-жабдықтар**<br>**1. Көрнекілік материалдар**<br>Бидай масағы, ұн, нанның суреттері, «Масақ» ертегісінің желісі<br>бойынша суреттер, «Бидай масағының» дайын үлгісі, сары түсті 6 дана шаршы, ұзын, жіңішке сары түсті қағаз және желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше.<br>**2. Үлестірмелі материалдар**<br>Бала санына байланысты сары түсті 6 шаршы, ұзын, жіңішке сары түсті қағаз, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше.<br>**Жабыстыру**<br>**3.Денешынықтыру**<br>Педгогтің жоспары | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бойынша | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **№17**<br>**Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау**<br>Жұмбақ.<br>Қысы-жазы бір түсте. (Шырша)<br>Бақылау: балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды тану (2 түрі, қылқанжапырақты қарағай және шырша).<br>Сыртқы бейнелеріне қарап: қарағайдың ұзын инелері бар, шыршаларға қарағанда ашық түсті; шыршаның инелері қысқа және қою жасыл түсті.<br>Табиғатқа сүйіспеншілікті арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Бос орын».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау.<br>Табиғат бұрышының мекендеушілерін қоректендіру.<br>**Еркін ойын:** өз бетінше | **№18**<br>**Бұтақтарды бақылау**<br>Жұмбақ.<br>Өсімдіктің тікенегіне байланысты аталған.<br>Жемісін жұлып алсаң, оның тікені қолыңа кіреді. (Итмұрын.)<br>Одан көз ашиды, жапырақтары өткір, түсі шұбар. (Шетен ағашы.)<br>Бақылау: сыртқы белгілерге қарап бұталардың 2-3 түрін танып білу; оларды ағаштардан айыру.<br>Табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Белгіні тыңда».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ойын ережелеріне бағынуды, дұрыс жауап беруді үйрету.<br>Еңбек: ағаштардың түбін қопсыту.<br>Жолдастары мен ересектерге көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>**Еркін ойын: «Қайық ойыны».** | **№19**<br>**Жеміс ағаштарын бақылау.**<br>Тақпақ.<br>Жеміс біткен бау-бақша,<br>Жемін жайды жан-жаққа.<br>Бақта құстар сайрады,<br>Құйқылжытып сан-саққа.<br>Қолға ап бақша құралын,<br>Суды атызға бұрамын.<br>Ағаш түбін қопсытып.<br>Арам шөпті жұламын.<br>Бақылау: балаларға ағаштардың түстерінің өзгеруін, өсуін көру, жемісін бақылау (ранетки). Жасыл, піспеген жемісті жеуге болмайтынын, піскен жемісті ғана жеу керектігін түсіндіру.<br>**Қимылды ойындар. «Қоян мен қасқыр».**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мәтіннің мағынасына сәйкес әрекетті жасау білімділігін бекіту, ойынды дабылдың қағысымен бастау.<br>Алаңның бойымен | **№20**<br>**Торғайды бақылау**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Торғайдың тіршілік етуінің ерекшеліктері, өмір көріністері туралы білімді тереңдету; балалардың назары мен жадын белсендіру.<br>Бақылау барысы:<br>- Торғай қандай?<br>- Ол немен қоректенеді?<br>- Қалай ән айтады?<br>Торғай - кішкентай құс. Торғайдың артқы жағы қоңыр, қара жолақтары бар.<br>Құйрығы мен қанаттары қара, қоңыр, иек пен тамағы қара, бірақ басының түсі сұр. Торғай - епті құс, ол бұтақтан-бұтаққа қорықпай секіреді, ол дәндер мен тұқымдарды шоқып жейді. Ол барлық жерде адамның әдеттеріне | **№21**<br>**Ауа райын бақылау.**<br>Бақылау: күздің алғашқы өзгерістері және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр бұлттар, бұлыңғыр аспан, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтартардың сарғайып жерге түсуі.<br>Табиғатты сүюге баулу.<br>**Қимылды ойын. «Қыз қуу» (қазақ халқының ұлттық ойыны).**<br>Балаларды ойын ережелерін сақтауды үйрету. Аланда дұрыс қозғала білу. Бір-біріне кедергі жасамау.<br>Дабылға жылдам назар аудару.<br>**Еңбек:** гүлдерден гүлшоғын жасау.<br>Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнауға тәрбиелеу. | 2-3 рөлді қосатын бірлескен ойындарға қатысу, бір-бірімен өзара әрекеттесуді дамыту. | қозғалу.<br>**Еңбек:** «Құм салғыштан шашылған құмды жинастыру». Топ алаңындағы құмды өз ынтасымен жинастыруды үйрету; тазалық сақтау және заттарды жинастыруды әдетке айналдыру.<br>**Еркін ойын:** тақырып бойынша берілген ойынды жүргізу. Шығармашылық сезімдерін ояту. Ұстамдылығы мен ойынға қызығушылығын дамыту. Жемістер мен көгөністер туралы білімдерін бекіту. | жақсы бейімделеді. Торғай "шиқ-шиқ" деп ән салады.<br>**Еңбек:** балабақша бақшасындағы арамшөпті жұлуға үйретіп, арамшөптердің түріне қарай ажырата білу қабілетін бекіту.<br>**Еркін ойын:** қозғалыс бағытын өзгерте отырып, белгі бойынша жылдам қозғалуды үйрету.<br>**"Допты ұста" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен лақтыру және ұстау дағдыларын бекітуді жалғастырыңыз. | **Өз бетімен ойналатын ойындар:** «Сүйікті ойыншықтармен ойнау».<br>Қуанышты жағдайларға қол жеткізуге жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына жағдай жасау. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(музыка)** | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді.<br>«Үш аю» ертегісін оқып беру.<br>**(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. **(музыка)** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастырады.<br>«Жеті лақ» ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды біледі.<br>«Бауырсақ» ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Ертегілер елінде** «Үш торай» | ***Желі рөлді ойын* «Дәріхана»** | **Фудбол үйірмесі** Педагогтің жоспары бойынша | **Би үйренеміз** Педагогтің жоспары бойынша | **Қауіпсіздік ережесі** «Инемен ойнама!» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Иса Айзадаға өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын үйрету. | Кошербай Нуртасқа 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарғын қалыптастыру. | Кенжебол Әмірханға бейнелейтін заттарды қарайды, қолмен ұстап зерттей білуге үйрету. | Қуанышұлы Мансурға қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады үйрету | Қуанышқызы Дилярағағашығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтай білуге үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | №17 | №18 | №19 | №20 | №21 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуді үйрету. **(мәдени-гигиенлақ дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(құрастыру)**<br>Театрлық қойылымдар. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу, музыка, дене шынықтыру, сурет салу, құрастыру)**<br>Өнер бұрышында қалаларды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (**шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)** | «Жеке бас тазалығының негізгі ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарында | «Отбасымен бірге серуенге шығу» тақырыбында көрме ұйымдастыру. | Жоба: "Жомарт күз" тақырыбында көрме ұйымдастыру. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | "Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз?" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгіме жүргізу. | | | | |

Тексерген ________________________